



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 ж. 13 желтоқсан № 378
Павлодар қаласы

город Павлодар

**IV облыстық Мағжан оқуларын
өткізу туралы**

Облыстық білім беру басқармасының жұмыс жоспарына сәйкес және облыстың жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында Мағжан Жумабаев шығармаларын насихаттау, оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, жас ақындарға әлеуметтік-рухани қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2016 жылдың 22 желтоқсанында мамандандырылған «Жас дарын» мектебінде (С.Т. Хасанова) облыстың жалпы білім беретін оқу орындарының 5-11 сынып оқушылары арасында IV облыстық Мағжан оқулары өткізілсін.

2. Облыстық Мағжан оқуларының өткізу ережесі және қазылар құрамы (1,2- қосымшалар) бекітілсін.

3. «Ертіс дарыны» орталығы (Ғ.Қ. Тұрсынов), мамандандырылған «Жас дарын» мектебімен бірлесіп облыстық Мағжан оқуларын өткізуін ұйымдастырсын.

4. Аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің басшылары (келісім бойынша) мен мамандандырылған мектеп директорлары IV облыстық Мағжан оқуларына қатысушылардың Павлодар қаласына жол жүру сапарында өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін және уақытында келуін қамтамасыз етсін. Келу және қайту күні: 2016 жылғы 22 желтоқсан.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Ж.П. Қарамбаевқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



Б.Бексеитова

Таныстырылды: *М. Касир*

(Аты-жөні, күні, қолы)

003654

**О проведении IV областного конкурса
«Мағжан оқулары»**

Согласно плану работы управления образования области, в целях пропаганды произведений М. Жумабаева среди учащихся общеобразовательных школ области, повышения интереса учащихся к поэзии, оказания социальной поддержки молодым акынам **ПРИКАЗЫВАЮ:**


1. Провести 22 декабря 2016 года в специализированной школе «Жас дарын» (Хасанова С.Т.) областной конкурс «Мағжан оқулары» среди учащихся 5-11 классов общеобразовательных школ.
2. Утвердить положение, состав жюри конкурса (приложение 1, 2).
3. Региональному учебно-методическому центру дополнительного образования «Ертіс дарыны» (Турсунов Г.К.) совместно со специализированной школой «Жас дарын» обеспечить условия для проведения областного конкурса.
4. Ответственность за безопасность участников конкурса в пути следования и обратно возложить на руководителей отделов образования городов и районов, директоров специализированных школ. День приезда и отъезда: 22 декабря 2016 года.
5. Контроль за исполнением приказа возложить на заместителя руководителя управления образования Карамбаева Ж.П.

Руководитель управления



Б. Бексеитова

Ознакомлен:



(ФИО, подпись, дата)

**Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында
Республикалық Мағжан оқуларының облыстық кезеңін өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

1. Осы ереже жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында өткізілетін республикалық Мағжан оқуларын өткізу тәртібін айқындайды.

2. Байқау мақсаты:

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын, ҚР-ның «Тілдер туралы» Заңын жүзеге асыру аясында, жалынды ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа таныту, олардың азаматтық ұстанымының, ұлттық ой-санасының қалыптасуына ықпал ету.

Міндеттері:

- мектеп оқушыларының ақын өмірі мен шығармашылығын тануға деген қызығушылықтарын арттыру, ақынның рухани мұрасын, ақын өмірі жайлы мәліметтерді игеруді насихаттау;

- жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;
- дарынды оқушыларға қолдау жасау.

3. Байқауға қатысушылар:

Республикалық Мағжан оқуларына оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 5-11-сыныптарының оқушылары қатыса алады.

4. Байқау шарттары:

Мағжан оқулары үш бағыт бойынша өткізіледі:

«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» - Мағжан шығармаларын жатқа оқу конкурсы. Қатысушы өзі жатқа білетін шығармалардың тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет.

«Толқынмен толқын сырласып...» - шығармашылық жұмыс. (Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша зерттеу жұмыстары) 1 қосымша

«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» - жас дарындар конкурсы. (өз шығармаларын орындау) Қосымша берілген тақырыпқа 4 жол өлең жолдарын жазу. (Қатысушы өз шығармаларының жинағын алдын ала тапсыруы тиіс).

5. Мағжан оқулары төменде көрсетілген үш бағыт бойынша 3 кезеңде:

1 кезең - аудандық кезең – 2013 жылдың 1 қарашасына дейін;

2 кезең – облыстық (қалалық) кезең – 2013 жылдың 30 қарашаға дейін;

3-кезең – республикалық кезең 2013 жылдың 14-16 мамырында өткізіледі.

6. Облыстық оқуларда бірінші орын алған оқушылар конкурстың республикалық кезеңіне қатысады. Әрбір облыс 3 үміткер, яғни әр номинацияға 1 оқушыдан ұсынады.

7. Конкурстың әр бағыты бойынша бір «Бас жүлде»; алты жүлделі орын: 1 бірінші, 2 екінші, 3 үшінші орын белгіленеді.

8. Мағжан оқуларын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы жүзеге асырады.

9. Мағжан оқуларының төрағадан, хатшыдан, алқа мүшелерінен тұратын қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитеті бекітеді.

10. Білім беру басқармасы Мағжан оқуларының қорытындылары туралы есепті білім басқармасының сайтына орналастырады.

Облыстық Мағжан оқуларының «Толқынмен толқын сырласып...» атты ІІІ номинациясына қойылатын талаптар

Мақсаты: Мағжан рухымен сырласа отырып, шығармашыл жастар ақынның рухани мұрасының қазіргі заман жастары үшін маңыздылығын өздеріне жаңалық ретінде ашады.

Зерттеу аспектілері:

1. Поэзиялық туындыда танылатын жалпыадамзаттық және ұлттық рухани құндылықтар;
2. Бүгінгі күн проблемасымен үндестігі;
3. Ақынның тілдік шеберлігі;
4. Суреткерлік шеберлігі;
5. Ақын поэзиясындағы символдық бейнелер т.б.

Зерттеуге ұсынылатын олендер:

«Жан сөзі»

«Сүйемін»

«Мен жастарға сенемін»

«Шолпы»

«Жел»

«От»

«Пайғамбар»

«Бесік жыры»

«Сағындым»

«Толқын»

«Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін»

«Түркістан»

Зерттеу жобасының құрылымы:

Зерттеудің а) тақырыбы

ә) проблемасы

б) проблеманы шешудің болжамы

в) пәні мен нысанасы

- ғ) мақсат, міндеттері
- д) әдіс-тәсілдері
- е) ақпарат көзіне талдау
- ж) оны шешудің жолдары
- з) алынған нәтижені талқылау, қорытындылау

Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:

- Ғалымдардың тақырыпқа байланысты зерттеу еңбектерін «ұрлауға» болмайды, цитата түрінде қолдануға ғана болады;
- Талдаулар бүгінгі күнгі жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;
- Проблеманы шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;
- Автордың Мағжан шығармашылығының бүгінгі күн үшін маңызын аша білуі.
- Жұмыс 7 минуттан аспауы тиіс.

ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении республиканского конкурса «Мағжан оқулары» среди учащихся общеобразовательных школ

1. Настоящее Положение определяет порядок проведения республиканского конкурса «Мағжан оқулары».

2. Цели и задачи конкурса:

- пропаганда среди школьников республики произведений М.Жумабаева;
- развитие творческих способностей, эстетического восприятия, эмоциональной культуры личности;
- воспитание любви к поэзии, к духовному наследию великого поэта;
- формирование исторического мышления, активной жизненной позиции, самосознания и мировоззрения, ориентированного на гуманизм, демократию и гражданственность;
- претворение в жизнь Послания Президента народу Республики Казахстан, Закона РК «О языках»;
- повышение интереса к исследованию жизни, творчества и духовного наследия поэта;
- развитие интеллектуальных способностей подрастающего поколения;
- поддержка одаренных детей.

3. Участие в конкурсе:

в республиканском конкурсе «Мағжан оқулары» могут участвовать учащиеся 5-11 классов государственных и негосударственных общеобразовательных школ, лицеев, гимназий независимо от языка обучения.

4. Условия проведения конкурса:

Конкурс «Мағжан оқулары» проводится по трем направлениям:

«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» - чтение наизусть произведений Мағжана. Участник должен до начала конкурса представить список выученных произведений.

«Толқын мен толқын сырласып...» - творческая работа. Исследование произведений Мағжана Жұмабаева.

«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» - выступление с произведениями собственного сочинения. Участник должен до начала конкурса представить сборник своих произведений и написать 4 строки на дополнительно предложенную тему.

5. Конкурс «Мағжан оқулары» проводится в 3 этапа:

- 1 этап - районный – до 1 ноября т.г.;
- 2 этап – областной (городской) – до 30 ноября т.г.;
- 3-этап– республиканский– в мае т.г.

6. Учащиеся, занявшие первое место на областном этапе, примут участие в республиканском конкурсе. Каждая область представляет трех претендентов, по 1 учащемуся в каждой из номинаций.

7. По каждому направлению конкурса определяется один «Гран при» и шесть призовых мест: 1 первое, 2 вторых, 3 третьих.

8. Организационную работу по подготовке и проведению республиканского конкурса «Мағжан оқулары» осуществляет управление образования Северо-Казахстанской области.

9. Состав жюри конкурса «Мағжан оқулары» утверждает областной организационный комитет.

10. Итоги конкурса размещаются на сайте управления образования.